



Автор: Ысқақова Ақзия Нұрбергенқызы
Пән: Жаратылыстану
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Заттар және олардың қасиеттері: Ауа
Тақырып: Заттың қасиеттері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.3.1.1заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау 4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну
Сабақтың мақсаты:	4.3.1.1заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау 4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну
Тілдік мақсаттар:	заттардың қасиеттері мен оларды қолдану аясы туралы әңгімелейді;
Күтілетін нәтиже:	заттардың қасиеттері мен оларды қолдану аясы туралы әңгімелейді; - өз тәжірибесіне сүйеніп тәжірибе нәтижесін болжау.
Бағалау критерийлері:	заттардың қасиеттері мен оларды қолдану аясы туралы әңгімелейді; - өз тәжірибесіне сүйеніп тәжірибе нәтижесін болжау.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.
Бастапқы білім:	Оқушылар заттарды шығу тегіне және агрегаттық күйіне қарай ажырата біледі. Ауаның қасиеттерін, кеңістікті толтырып тұратынын және жануды қолдайтынын біледі. Ауаның тіршілік үшін маңызын түсінеді.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, алаңдау) Жаңа топ құру. Себетпен конфеттің суреттерін әкелу. Оқушыларға себеттен конфеттің суретін алуларын сұрау. Конфеттің суреттерінің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» 2- топ «Көк кәмпиттер» 3-топ «Қызыл кәмпиттер» Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Қызығушылықты ояту Күтілетін нәтижені анықтау Жедел жауап • Дене деген не? • Адам жасаған денелерді не деп атайды? Мысал келтір. • Зат деген не? Мысал келтір.	
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. (Т) «Бірін-бірі оқыту» «Үйрете отырып үйренемін» әдісі бойынша жүргізіледі.	
Сабақтың соңы	Сен білесің бе? Заттың қорабында, сауытында немесе затбелгісінде арнайы белгілер көрсетіледі. Ол заттың қасиеті мен құрамын білдіреді. Ойлан Заттардың қасиетін өзгертуге бола ма? Таныс емес заттың қасиетін білмей тұрып, дәмін татуға, иіскеуге, ұстауға болмайды! Улану не күйіп қалу қаупі жоғары!	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Кері байланыс. СМС әдісі.	